

Біртұтас экономикалық кеңістік құру туралы келісімге қатысушы мемлекеттердің макроэкономикалық көрсеткіштерін жақындастыру жөніндегі шаралардың іске асырылуын бақылау туралы келісім жасасу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 5 сәуірдегі N 241 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Біртұтас экономикалық кеңістік құру туралы келісімге қатысушы мемлекеттердің макроэкономикалық көрсеткіштерін жақындастыру жөніндегі шаралардың іске асырылуын бақылау туралы келісімнің жобасы мақұлдансын.

2. Біртұтас экономикалық кеңістік құру туралы келісімге қатысушы мемлекеттердің макроэкономикалық көрсеткіштерін жақындастыру жөніндегі шаралардың іске асырылуын бақылау туралы келісім жасалсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

Біртұтас экономикалық кеңістік құру туралы келісімге қатысушы мемлекеттердің макроэкономикалық көрсеткіштерін жақындастыру жөніндегі шаралардың іске асырылуын бақылау туралы келісім

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын 2003 жылғы 19 қыркүйектегі Біртұтас экономикалық кеңістік (бұдан әрі - БЭК) құру туралы келісімге қатысушы мемлекеттердің үкіметтері,

экономикалық ықпалдастықты тереңдетуге, өзара сауда-экономикалық қатынастарды дамытуға ұмтыла отырып,

Тараптар мемлекеттерінің аумағында тауарлардың, қызметтердің, капитал мен жұмыс күшінің еркін қозғалуын қамтамасыз етуге жәрдемдесу мақсатында,

БЭК құру жөніндегі үйлестірілген іс-шараларды жүзеге асыру қажеттігін растай отырып,

төмендегілер туралы келісті:

Осы Келісім Тараптар мемлекеттерінің макроэкономикалық көрсеткіштерін жақындастыру жөніндегі шаралардың іске асырылуын бақылауға қатысты жалпы мәселелерді реттейді.

2-бап

Тараптар Біртұтас экономикалық кеңістік құру туралы келісімге қатысушы мемлекеттердің макроэкономикалық көрсеткіштерінің Негізгі макроэкономикалық көрсеткіштер тізбесі туралы келісімнің (бұдан әрі - Негізгі макроэкономикалық көрсеткіштер тізбесі туралы келісім) 8-бабында айқындалған келісілген сандық мәндеріне қол жеткізуге бағытталған шараларды әзірлейді.

3-бап

Тараптар келісілген макроэкономикалық көрсеткіштерді жақындастыруға бағытталған шаралардың іске асырылуын бақылауды жүзеге асыруға міндеттенеді.

Тараптар мемлекеттерінің макроэкономикалық көрсеткіштерін жақындастыру жөніндегі шаралардың іске асырылуын бақылауды әрбір Тарап және үкіметаралық деңгейде жүзеге асырады.

Макроэкономикалық көрсеткіштерді жақындастыру жөніндегі шаралардың іске асырылуын бақылау жөніндегі жұмыстарды үкіметаралық деңгейде үйлестіру үшін жұмыс тобы құрылады, оның құрамына Тараптар мемлекеттерінің тиісті экономикалық, статистикалық және қаржылық органдарының өкілдері, сондай-ақ Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Мемлекетаралық статистикалық комитетінің өкілдері кіреді.

4-бап

Тараптар мемлекеттерінің макроэкономикалық көрсеткіштерін жақындастыру жөніндегі шаралардың іске асырылуын жекелеген мемлекеттер деңгейінде бақылау функцияларын тиісті органдар жүзеге асырады, олардың негізгі міндеттері мыналарды қамтиды:

тізбелері Негізгі макроэкономикалық көрсеткіштер тізбесі туралы келісімде қамтылған макроэкономикалық көрсеткіштердің мониторингі және олардың болжамды бағаларын қару;

жақындау өлшемі ретінде келісілген макроэкономикалық көрсеткіштерді жақындастыруға бағытталған шаралар бойынша ұсынымдар дайындау; жұмыс тобының шеңберінде талқылауға ұсыныстар әзірлеу.

Жұмыс тобының шеңберінде тиісті органдар макроэкономикалық көрсеткіштерді ұсыну нысаны мен мерзімін келіседі, сондай-ақ ақпарат алмасуды тікелей жүзеге асырады.

5-бап

Макроэкономикалық көрсеткіштерді жақындастыру жөніндегі шаралардың іске асырылуын бақылауды жүзеге асыратын жұмыс тобының негізгі міндеттері мыналар болады:

тізбелері Негізгі макроэкономикалық көрсеткіштер тізбесі туралы келісімде қамтылған макроэкономикалық көрсеткіштер мониторингінің негізгі нәтижелерін және олардың болжамды бағаларын қарау;

макроэкономикалық көрсеткіштерді жақындастыру жөнінде ұсынымдар әзірлеу; тараптар мемлекеттерінің макроэкономикалық көрсеткіштерін жақындастыру жөніндегі шараларды іске асыруға бағытталған мәселелерді пысықтау;

Негізгі макроэкономикалық көрсеткіштер тізбесі туралы келісімнің 11-бабына сәйкес іс-шаралар жоспарын әзірлеу.

Тараптар мемлекеттерінің макроэкономикалық көрсеткіштерін жақындастыру өлшеміне қол жеткізу жөніндегі іс-шаралар жоспарының орындалу қорытындылары жыл сайын жекелеген хаттамалармен ресімделеді және БЭК комиссиясына жіберіледі.

6-бап

Біртұтас экономикалық кеңістік комиссиясы іс-шаралар жоспарын бекітеді және Тараптар мемлекеттерінің әлеуметтік-экономикалық дамуының орта мерзімді және ұзақ мерзімді кезеңдерге арналған бағдарламаларын (стратегияларын) әзірлеген кезде Тараптар мемлекеттерінің тиісті органдары ескеретін негізгі макроэкономикалық көрсеткіштердің келісілген мәндеріне қол жеткізуге бағытталған шешімдер қабылдайды.

7-бап

Осы Келісімде Тараптар қатысушы болып табылатын үшінші елдермен жасалған басқа халықаралық шарттардың ережелері қозғалмайды.

8-бап

2003 жылғы 19 қыркүйектегі Біртұтас экономикалық кеңістік құру туралы келісімнің мақсаттары мен қағидаттарын бөлісетін кез келген мемлекет осы Келісімге қатысушы бола алады. Осы Келісімге қосылу шарттары Тараптар мен қосылатын мемлекет арасында жасалатын келісімде айқындалады.

9-бап

Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Келісімге оның ажырамас бөлігі болып табылатын жекелеген хаттамалармен ресімделетін өзгерістер енгізілуі мүмкін.

10-бап

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруге және/немесе қолдануға қатысты Тараптар арасындағы даулар мен келіспеушіліктер Тараптар арасында консультациялар мен келіссөздер жүргізу жолымен шешіледі.

Келісімге қол жеткізілмеген жағдайда кез келген Тарап дауды БЭК шеңберіндегі дауларды шешу жөніндегі органға шешуге жібере алады.

11-бап

Осы Келісім Біртұтас экономикалық кеңістік құру туралы келісімге қатысушы мемлекеттер жасасқан мынадай келісімдер:

Негізгі макроэкономикалық көрсеткіштер тізбесі туралы келісім;

Статистика әдіснамасын біріздендіру және мемлекеттік статистика органдарын үйлестіру жөніндегі шаралардың орындалуын бақылау тетігі туралы келісім күшіне енген жағдайда 2005 жылғы "___" қарашада _____ қаласында қол қойылған Біртұтас экономикалық кеңістік құру туралы халықаралық шарттардың күшіне ену тәртібі туралы хаттамада көзделген тәртіппен күшіне енеді.

Осы Келісім белгіленбеген мерзімге жасалады. Кез келген Тарап депозитарийге тиісті жазбаша хабарлама жібере отырып, өзінің осы Келісімге қатысуын тоқтата алады. Мұндай Тарап үшін осы Келісімнің қолданылуы депозитарий жазбаша хабарлама алған күннен бастап 12 ай өткен соң тоқтатылады.

Тараптардың бірі осы Келісімнен шыққан жағдайда, егер Тараптар өзгеше туралы уағдаласпаса, оның қолданылуы аталған Тарап осы Келісімнің қолданылу кезеңінде осы Тарап үшін туындаған қаржылық және өзге де міндеттемелерді толық реттегенге дейін жалғасады.

200___ жылғы "___" _____ қаласында орыс тілінде бір түпнұсқа данада жасалды. Түпнұсқа данасы депозитарийде сақталады. 2003 жылғы 19 қыркүйектегі Біртұтас экономикалық кеңістік құру туралы келісімнің 4-бабына сәйкес БЭК Комиссиясы құрылған және оған өкілеттік берілген сәтке дейін Қазақстан Республикасы БЭК құру жөніндегі халықаралық-құқықтық құжаттардың депозитарийі болып табылады.

Депозитарий Тараптардың әрқайсысына оның куәландырылған көшірмесін жібереді.

Беларусь Республикасының
Үкіметі үшін *Үкіметі үшін*
Ресей Федерациясының
Үкіметі үшін *Үкіметі үшін*

Қазақстан Республикасының

Украина

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК